АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ
АТЫНДАҒЫ № 66 МЕКТЕП-
ЛИЦЕЙ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ
№ 66 им. ДИНМУХАМЕДА
КУНАЕВА» АКИМАТА ГОРОДА
АСТАНЫ

010000, Астана каласы, Д.Қонаев көшесі 33/1
33/1
Тел.: 8(7172) 50-18-55
e-mail: shl_66ast@mail.ru

010000, город Астана, улица Д.Кунаева
Тел.: 8(7172) 50-18-55
e-mail: shl_66ast@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 403 **ПРИКАЗ**

02 «09» **2024 ж.**

Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту және мектепішілік тәртіп ережелерімен таныстыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» туралы бұйрығын негізге ала отырып, ҚР Білім және ғылым министрінің толықтыру негізіндегі 13.07.2020 №296 бұйрығы негізінде БҰЙЫРАМЫН:

1. Орта білім беру ұйымдарына ортақ міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар сақталсын.
2. Мектеп формасының үлгісі классикалық стильде, түсі – қою көк болып бекітілсін.
3. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінсін.
4. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, күнделікті ақ түсті жейде, мерекелік жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

   Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, мерекелік күндерде ақ түсті блузка (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. Қыздарға арналған шалбарлар еркін пішіліп, аяқтарының тобықтарын ұзындығы бойынша жабады, кеңселік белдемшенің ұзындығы тізеден 5 см-ден аспайды.
5. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, ақ түсті футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовка, кеды) тұрады.

6. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар мектеп фойесінде, ал таныстыру мақсатында интернет-ресурстарында жариялансын.
7. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайтындығы ескертілсін.
8. Мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдай, оқу сабақтарының өткізілу орны және ғимараттың температуралық режиміне сәйкес іске асырылсын.
9. Ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді.
10. Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар, әшекей бұйымдар тағуға тыйым салынады.
11. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажор жағдайлары тоқтатылғанға дейін ата-аналар балаларды орта білім беру ұйымдарына киіп бара алатын іскерлік, классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен қамтамасыз етеді.
12. Мектеп формасының маталары ретінде сапалары жақсы жақсартылған жартылай жүн және мақта маталары пайдаланылады, олардың тозуға төзімділігі жоғары, бактерияға, микробқа қарсы және антистатикалық қасиеттер бар, 75-85%, табиғи маталар (мақта, жүн т.б.) және 15-25% синтетикалық қоспалар ұсынылады.
13. 1-11 сынып оқушылары және ата-аналары немесе заңды өкілдерін қыркүйек айының 9-27 аралығында сынып сағаты, ата-аналар жиналысында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің мектептің ішкі тәртіп ережелерін қамтамасыз ету қағидаларымен таныстыру 1-11 сынып аралығындағы сынып жетекшілерге міндеттелсін.
14. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары – Б.Нуртазина және М. Есимоваға жүктелсін.

Мектеп директоры **Н. Омарова**

Таныстым: *Б. Нуртазина,*
М. Есимова